

VII-VIII ғасырларда Гомердің рухында Грецияның Хиос, Делос, Крит, Беотия, Афина қалаларында аэдтер мектебі қалыптасқан. Саламин, Спарта, Сикион жерінде рапсодтар [үзік-үзік жыр жаттаушылар] ағымы да қанат жайған. Сол сияқты Өзбекстандағы белгілі жырау Фазыл Юлдашевтің он бір шәкірті, ал Эргаш Жұманбулбул-оғлынның жиырма шәкірті болған» [6]. Сол сияқты Мұрынның да жыраулықты «...он сегіз жасынан бастап, домбыра тартып, жыр айттым. Атақты ақын, жырауларға көп еріп, жыр үйренген ұстаздарым адайдың Нұрым, Қашаған деген ақындары еді; Нұрымға төрт ай, Қашағанға төрт-бес жыл жолдас болдым. Ноғайлық жырларын солардан үйрендім» деп айтқаны мәлім. Зерттеуші ғалым С.Садырбаев жырау жырларының әдеби маңызына, қазақ әдебиетіне қатысына, жыршы, жырау терминдері мәніне тоқтала келіп, негізінен жырдағы тұтастану құбылысына тоқталған. Сонымен қатар жырларда кездесетін көптеген сөздерге этимологиялық түсіндірмелер беруге тырысып, фольклор текстерін этимологиялау арқылы түсіндіру негізін салған десе де болады.

Мұрын жырау туралы ғалымдар көптеген еңбектер жазды, ол жайында кітаптар, ғылыми мақалалар жарық көрді. Атап айтқанда Е.Ысмайыловтың «Ақындар» монографиясында, В.М.Жирмунскийдің «Тюркский героический эпос» еңбегінде, М.Ғабдуллин мен Т.Сыдықовтың «Қазақ халқының батырлық жыры» кітабында, Н.В.Кидайш-Покровская мен О.Нұрмағанбетованың «Казахский героический эпос» еңбегінде, академик С. Қасқабасовтың «Қазақ фольклорындағы тұтастану құбылысы» атты ғылыми жұмысында, Қ.Сыдықовтың «Ақын-жыраулар» еңбегінде Мұрын жырау туралы айтылады. Қазіргі кезде «Қырымның

қырық батырының» тарихилығы жөнінде, жеке батырлар жырының тарихилығы мен нұсқалары жөнінде, жырды тілдік этимологиялау арқылы талдау жөнінде зерттеулер мен мақалалар жазылуда. Ол зерттеушілерді атап айтсақ: С.Сәкенов, Ш.Ыбыраев, С.Қондыбай, Д.Есенжанова, Б.Қорғанбеков, және т.б. Бұл зерттеушілердің еңбектері зор екені белгілі, әйтсе де біраз түркі халықтарының ортақ мұрасы есептелетін «Қырымның қырық батыры» жыры қазіргі уақытта қазақ фольклордағы, түркітанудағы өзіне тиісті орнын алды деп айта алмаймыз. Жырдың зерттелу тарихнамасы көрсетіп отырғандай, «Қырық батыр» жыры барлық ғалымдарымыздың зерттеулерін қамтитын, методологиялық жағынан жақсы қаруланған жан-жақты зерттеуді талап ететіні сөзсіз.

1. Қоңыратбаев Ә. Қырымның қырық батыры // Социалистік құрылыс, 1948, 15-маусым
2. Қасқабасов С. Ойөріс. – Астана: Астана полиграфия, 2009
3. Бердібай Р. Жыршылық дәстүр. – Алматы: Қазақстан, 1980
4. Сауранбаев Н. Халық өнерінің қазынасы – Мұрын жырау// Социалистік Қазақстан, 1942, 19-шілде
5. Ғұмарова М Бұрын зерттелмеген жырлар. 1-том, 1-кітап.// Қазақ әдебиетінің тарихы.- Алматы, ҚазССР ҒА баспасы, 1960
6. Садырбаев С. Вопросы циклизации казакского эпоса. Кан.дис. авторефераты. –Алматы, 1965
7. Қырымның қырық батыры. – Алматы: «Арыс», 2005

\*\*\*

В статье рассматривается творчество великого казахского сказителя Мұрын жырау. А также анализируется история исследования литературного наследия жырау "Сказание о сорока ногайских богатырях" («Қырымның қырық батыры» жыры).

\*\*\*

The article deals with works of the great Kazakh bard Muryn girau. And also examines the history of the study of literary heritage zhyrau Legend of the forty heroes Nogai ("Қуғымның қуғуқ batyrs zhyru).

*А. Азизова*

## Қ. ЖҰМАДІЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР БЕЙНЕСІ

Уақыт пен Кеңістік проблемасы тұрғысынан келгенде қазақ қаламгерлерінің тарихи прозасындағы шығарма кейіпкерінің уақыт талабына, қоғам келбетіне сай іс-әрекет еткенін, соған байланысты өз образдарын даралағанын көреміз.[1]

Қ.Жұмаділов өзінің екі кітаптан тұратын “Дарабоз” романында тарихта Қабанбай, Дарабоз есімдермен әйгілі болған Ерасыл батыр бейнесін сомдайды. Романда XVIII ғасырдағы тарихи-әлеуметтік жағдай, ішкі-сыртқы саясат, қазақ халқының ұлы жорықтары суреттеледі.

Қ.Жұмаділов тарихи деректерге сүйене отырып, қазақ халқының ұлттық болмыс-бітімін Қабанбай өміріне үңілу арқылы шебер суреттейді. Ал Қабанбай өмірін, ол өмір сүрген қоғам келбетін қазақтың ұлттық болмыс-бітімін айшықтап тұратын би-шешенсіз көрсету мүмкін емес.

Қабанбай батырлығымен қатар бір дүйім жұртты аузына қаратқан шешен бейнесінде де, билік айтып, жау-жанжалды тоқтатқан би ретінде де көрініс тапқан. Ру арасындағы дау-дамайды шешу кезінде де, жаудан азат етілген жерлерді ру-руға бөліп беру кезінде де өзінің “тура би” екендігін дәлелдейді: “-Өзімді неге ұмғытайын, хан ием! Менің орным-қашанда желдің өті, жаудың беті ғой. Мен өзіме табиғи Мәмбет пен Қаракұрсақ ауылдарын бастап, атамның басы қалған Барлықтың бауырына келіп қонсам деймін. Барлық тауын басыма жастап, аяғымды Алакөлге созып жатып алсам, менің үстімнен ешкім аттап өте қоймас!”<sup>2</sup>, 380/ - дейді жерін бодандықтан құтқарып қуанышы қойнына сыймаған батыр. Дарабоз батырдың болмыс-бітіміне, қанына сіңген шешендік қасиеті – батыр бойындағы мінез қатпарының тағы бір қыры. Шешенге тән салқынқандылық, сабырлылықпен: “Дұшпан астындағы атыңды сұраса, аяма. Өйткені, Қамбар ата аман болса, тұлпар тумай қоймайды. Дұшпан қойнындағы қатыныңды сұраса да, таршылық етпе. Өйткені, елің аман болса сен үшін тағы бір сұлу бой жетеді. Тек дұшпанға бір сүйем жер беруші болма! Өйткені асыраушы жер ана ешқашан үлкеймейді!” - деген екен қасиетіңнен айналайын арғы бабаларымыз. Сол өсиет шынымен-ақ, жадымыздан шыққаны ма?!

“Байырғы дәуірлерде қазақ даласында кісінің атақ-даңқын асқақтата шарықтататын санаулы ғана өнер болған. Оның бірі – соғыс ісін жүргізу өнері, екіншісі – билік, үшіншісі – сөз өнері” болса, жазушы Қ.Жұмаділов осы үш өнердің үшеуін Қабанбай бойына жинақтап, типтік дәрежеге жеткізген.

Шығармада Қабанбай бойындағы үш өнерді өз бойына сіңіре білген тағы бір тұлға – Абылай. Бір-бірінен билікті қызғанып, халықты жан-жаққа таратқан ел басшылары, басы ешқашан бірікпейтін бәтуасыз халықты қалай ымыра – бірлікте ұстасам, қалай басын қоссам деп, қазақ жерін талам-таражға салмай, сақтап қалсам деп жанталасқан ханның ішкі жан дүниесін, көңіл - күйін жазушы еш боямасыз өзіндік тіл өрнектерімен ұтымды жеткізе білген. Абылайдың шешендігін, сөз құдіретінің күштілігін дәлелдейтін кез – Ойраттарға тұтқынға түсіп, Қалден

Церен алдында: “... – Жаңа шарышты еске алдыңыз-ау, құрметті Қонтайшы. Иә, ана бір жылдары менің қолымнан бір туысыңыздың мерт болғаны рас, - деді ол батыл тіл қатып. – Бірақ мен оны қан майданда, адал жекпе-жекте өлтірген сияқты едім. Соғыс құрбандықсыз болмайды, ұлы мәртебелім. Егер баяғыдан бері ұрыста өлген қазақ пен қалмаққа күн төлейтін болса, онда екі жақта да тігерге тұяқ қалмас” [3,54] немесе “-Айтсам кемшілік сізде емес, қараша халқыңызда. Ірі жайындар терең теңізде ғана болады. Сіздің сорыңыз – басқа тартса аяққа жетпейтін аз елге хан болуыңызда...” [3, 60]. Абылай образының биік мәреге жетер тұсы-жазушының “...Сіздің көзіңіз тірі тұрғанда, мен ұлы орда тағына ешқашан отырмаймын, хан аға! Сіз бұдан кейін де қазақ ордасының ұлы ханы болып қала бересіз. Тәңір жазса, үш жүздің баласы дәрегейіңізге әлі-ақ түгел бас ұрады. Үш жүз түгілі, алты алаштың да бір тудың астына топталар кезі алыс емес” [3,179] - деп, әскер тізгінін қолға алған сұлтанның бүкіл болмысын айшықтай түсетіндей етіп сөйлетуі. Қай хан болсын, елді бірлікте, ынтымақта ұстауда билерге сүйенеді, себебі би халықты ақылмен тәнті етіп, бағындырады. Романда қазақтың әйгілі билері – Төле би, Қазыбек би, Төбет би, Боранбай би, Байқара би, Бұқар жырау, Ақтамберді жырау, т.б. бейнелер көрініс береді. Барақ сұлтанның ісі жөніндегі билер сотында Қазыбек би, найман Боранбай би, шекті Сырлыбай би, Төбет би, Қу дауысты Құттыбай образдары беріледі де, дау кезіндегі шешендік сөз шарпысуда қаралаушы жақ пен ақтаушы жақты тең түсіріп шешуші сөзді Төле би – Қаз дауысты Қазыбекке түйіндетеді: “-Қанша асып-тассаң да, аты жүйрік ажал құрығынан адам пендесі қашып құтылмайды екен. Енді міне кезек Әбілқайыр ханға келіп отыр, - деді сөзін онан әрі жалғап. - Өмірімді ұзартам, билігімді молайтам деп жанталасқан адам, әне, сондай-ақ болар. Марқұмның туысында, ерлігінде қапы жоқ. Бірақ, амал не, тандаған жолы жалған боп шықты... Әбілқайыр хан мен Барақ сұлтанның жандасуы - әдеттегі тақ таласы, не енші бөлісі емес, саясат сайысы, бағдар қақтығысы... Мен білсем біздің халқымыз тағы да тоғыз жолдың торабында тұр. Алаш ұлы – ежелдің ең күнінен басына нөқта кимеген, жүген-құрық тимеген асау, арда ел едік. Ел аман, жұрт тынышта жоқ сұмдықты бастаған, мойнына құлдық қамытын киіп, бостандығын бодандыққа айырбастаған – осы Әбілқайыр болды.” [2,189]

Қ.Жұмаділовтің “Дарабоз” романында ұшқыр ой, ұтқыр тілімен көрінетін қаһарман – Қу

дауысты Құттыбай. Халық сұңқылдаған дауысына, өткір тілімен ой тереңдігіне орай, есімін Қаз дауысты Қазыбек есіміне ұқсастырып “Қу дауысты Құттыбай” атап кеткен. Романда Қу дауысты Құттыбайдың әрбір сөзін байыппен саралап, дипломатиялық қарым-қатынаста тапқырлық пен әдептілік таныту тұсы, Еженханның “Ресеймен соғыса қалсақ, сіздер қай жағына шығар едіңіздер” дегеніне: “Қазақтың байтақ даланы бауырына басқан батыр халық екені рас. Бірақ біз, сан жағынан Қытайға да, Орысқа да теңесе алмаймыз. Сондықтан, екі ұлы патшалық өзара жауласқандай болса, біздің бұл жанжалға араласпай, бейтарап қалғанымыз жөн болар” [3,121] – деп жауап қайыруы. Сол сәттегі өзінің рөлін сезінген шешен халық атынан сөйлейді.

Сонымен, аталмыш тарауша бойынша төмендегідей қысқаша тұжырымдар жасағанымыз жөн:

- Әдебиет әдебиет болғалы ертеден қалыптасып, бір жүйеге түскен қалып бойынша, қазақтың би-шешендері образын жасау барысында төл қаламгерлеріміздің өз туындыларында қоғам мен адамның қарым-қатынасына ерекше көңіл бөлгендігі, дәуір шындығын, заман тынысын дөп басып оқырманға танымдық, тағылымдық қағида ұсынды.

- Әр жазушының өз қаһармандары арқылы заман келбетін беру барысында авторлық позиция мен дүниетанымының қаһарман іс-әрекеттерімен біртұтас дүние ретінде көрінді.

- Қоғам мен адамның қарым-қатынасын, уақыт талабын, замана шындығын беру барысындағы жанры жағынан тарихи сипаттағы шығармалардың тақырыптық-идеялық бірлігінің бірінші кезекке шықты.

- Қазақ қаламгерлерінің айтулы тұлғалар бойына бірнеше қасиеттерді сидыра білуі, күрес эстафетасын, идея өзегін келесі ұрпақ өкіліне табыстап, болашаққа үмітпен қараған би-шешен образына философтық сипат дарытқан.

- Жазушының өз қаһармандарын қоғам аясындағы қыруар қайшылықтар ішінде көрсетіп, өз туындысында драмалық коллизиялар бояуын айрықша қолданған. Қ.Жұмаділов “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан” басталатын қазақ халқының ауыр да, аянышты халін, ата қонысынан айырылған босқын халықтың тоз-тоз болған жайын суреттеуде тарихи әңгімелерді, шежірелерді ұтымды пайдаланады. Тарихи деректермен қаруланған жазушы қазақ елінің ғана емес, орыс патшаларының, қытай императорларының, жоңғар хандығының да шежірелерін таратып береді. Қ.Жұмаділовтің тілі шұрайлы, сөздік қоры мол, монолог, диалог,

табиғат көріністерін еш боямасыз, өзіндік тіл өрнектерімен суреттейді. Табиғат көріністерін кейіпкердің жан-дүниесімен үйлестіруде өзіндік суреткерлік ізденістері байқалады. “Дәл маңдай алдында, сонау бір қиыр терістікте шөке түсіп жата кеткен жолбарыстай тұмсығы сүйірленіп бітетін Барқытбел жатыр көсіліп” [2, 37], “шараға құйған қымыздай көбігің сынып”, “құла түзде құланиек таң атып, шығыс көкжиек алтын садақ игендей арайлана бастаған шақта”, “сүт теңізіндей толқыған таң сәулесіне” сияқты теңеулерді пайдалана отырып, сөзбен сурет салады.

Жазушыға қойылатын ең жоғарғы талап - шығармадағы қаһармандарды сөйлету болса, Қ.Жұмаділов бұл талапты орындай алған. Хан да, батыр да, қарашы да, би де, шешен де болып сөйлейді. Шешендік сөз шарпысулары да сәтті шыққан. “Найманның батыры-Қабан, сұлтаны-Барақ, биі-Төбет боп келетіні несі?! Мұның өзі жәй ма, жоқ, әлде аттарың заттарыңа сай ма? Қара ағаштай қалың Найман, көптігінді көрсетіп, қара күшке салғанды қашан қоясыңдар?-депті. Сонда осы Төбет би бөгелместен: -Жөн айтасың, Бекболат. Екі аяқты, төрт аяқты қос қанатты деп жіктегеніміз болмаса, жалпы жан-жануардың түбі бір ғой! Түбі бір болмаса, әкең Қазыбектің дауысы қазға ұқсар ма еді? Батырым - қабан болса, қалмақты қамыстай шалып қырған шығар. Сұлтаны Барақ атанса, қотанын қасқырға бермей, алысқанын алып ұрған шығар. Ал менің атым -Төбет, еліме айбар, жауыма бөгет. Сырттағы ел басынбасын, ешкімнің сөзін басынан асырмасын деп әдейі қойған шығар! - деген екен.[2,45] Қазақ халқы баласына есім қоярда ырым етіп, әр нәрсенің қасиетіне немесе есімі ел жадында сақталған адамдардың атын қойған. Сондай-ақ, әр адамның мінез-құлқына, іс-әрекетіне, болмыс-бітіміне байланысты кейіннен де тағылатын аттар да болады. Төбет би әрбір есімнің қасиетін жіктеп, мағынасын ашып береді және Бекболаттың әкесінің есімін де ұтымды пайдаланып, ойын айқын жеткізіп тұр.

Боранбай бидің Қабанбайға ат іздеп, інісі Құланбайға жазған хатында: “Биіктігі өзіңдей болсын, местігі өзімдей болсын. Желгенде екпінінен жел ессе, аяңы Қазыбектің сөзіндей болсын. Құлағы қамыстай болсын, ерні талыстай болсын. Екі көзі ботаның көзіндей, шекесінің арасы қарыстай болсын, қабағы бүркіттің қабағындай, шықшыты бураның сағағындай болсын. Жылқыңыздан осындай бір тай табылса, мүсіні менің қойған талабымдай болсын. Жануардың жалы жібектей, қасқа тісі күректей болсын. Мойны қаздың мойнындай, жігері бабына келген түлектей болсын. Белдемесі

қанатты болсын, жаясы жалпақ, алапты болсын. Бір көргендер үш көрерлік, осындай сұлу жарақты болсын. Сауыры құлындай болсын, кекілі балаға қойған тұлымдай болсын. Ерегесте ер серігі болатындай, ел есінде қалатындай, өңі-түсі бірыңғай болсын. Денесі шымыр болсын, тұяғы жұмыр болсын. Қуғанда құтқармайтын қайыспас тұғыр болсын. Құйрығы төгіліп тұрсын, талданып сегіліп тұрсын. Самсаған калың қол ішінде тұрпаты ерек бөлініп тұрсын. Тілерсегі төмен, екі бұты алшақ келіп, артынан карағанда төс сүйегі көрініп тұрсын!" Бидің сөзі халық поэзиясындағы батырлар жырымен үндесіп тұр. Бидің атбегілік, сыншылық қасиеті оқушы ұғымына терең әсер қалдырарлық. Аттың ерекше қасиеттерін теңеуаркылы сипаттап, ұлғайту тәсілімен көркемдеп, суреттілігін арттыра түседі. Қ.Жұмаділов өзінің соғыс өнерінің тәсілдерінің білгірі екенін көрсетеді. Оның жекпе-жекте, соғыс кезеңдерін суреттеуі өте сәтті шыққан. Жазушы өзін суреткер-психолог ретінде көрсете білген. "Қарымы қайтпай, Кубас ат та шалдықпай тұрғанда қимылдап қалған дұрыс болар. Сол оймен келесі бір кезекте ат екпінімен ұзаққырап барды да Кубасты кілт бұрып алып, құйындата шапты. Алмасы тозған кәрі көз алдамаса, иншалла мүлт кетпеуге тиіс. Қарсыласына шылбыр бойы қалғанда шорт тізгінін тартып, тұлпарын көкке шапшытып алды да, мойын омыртқаның түбі осы-ау деп, иықтан асыра ұстап келген ауыр сүңгіні өндіріштен ұрып жіберді"[3,65] Немесе: "Ал, Молла Самсы асығар емес. Бейне, ұстаса кететін палуандардай екі қолын бірдей алға созып, тұқыра қойқандап, қарсыласын бір айналып шықты. Содан бір мезетте қападан шыға келген тоңмойын қабанша өңмендей ұм-

тылды. Өзінше бірден жарып тастамақ секілді. Бірақ, сермеген семсері ештемеге дарыған жоқ. Шыңқожа бұлт етіп бұрылып кеткенде, ағынымен өте шықты да, құлай жаздап барып, қайта оңалды" [3. 325] Сонымен, айтылған ойлардан төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

Қазақтың би-шешендері образын сомдаған тарихи прозада алуан түрлі стильдік даралықтың, әр қаламгерге тән өзіндік жазу мәнерінің, жазу машығының мейлінше мол.[4]

Кейіпкер келбетін кескіндеп, түрлі тағдыр иелері түрлі мінездегі адамдардың характерін ашуда қазақ жазушыларының алуан түрлі көркемдік ізденістерге барған.

Тарихта болған белгілі тұлғаның бейнесін жасауда әр қаламгердің сол тұстағы замана келбетін, дәуір шындығын біртұтас кешенді түрде көрсете білген.

Алуан түрлі көркемдік, стильдік, ізденістің жазушы дүниетанымымен, авторлық позиция - тұғырнамасымен, негізгі идеясымен шебер үндескен. Ал, осынау айтылғандардың, сайып келгенде, тек біз сөз еткен қаламгердің ғана емес, бүкіл төл әдебиетіміздің даму, өсу өредеңгейіне көрсеткіш бола білген.

1. Қабдолов З. Сөз өнері.-Қазақ Университеті, 1992.-352

2. Жұмаділов Қ. Дарабоз: Тарихи роман. - А.: Шабыт баспасы, 1994 Бірінші кітап. - 416 бет

3. Жұмаділов Қ. Дарабоз: Тарихи роман. -А.: Жазушы, 1996. Екінші кітап. -416 бет

4. Негимов С. Шешендік өнер. - Алматы: Ана-тілі, 1997. -208 бет.

\*\*\*

В статье рассматриваются образы исторических личности в произведениях Кабдеш Жумадилова.

\*\*\*

In article images of the historic figure in products of Kabdesh Zhumadilov are considered

*М. Х. Аргынбаева*

## НОВАЯ МИФОЛОГИЧЕСКАЯ ШКОЛА КАЗАХСТАНА

В современном казахском литературоведении, фольклористике, музыковедении, культурологии, этнографии появляются исследования по отдельным проблемам и аспектам мифологии, как то – мифопоэтика, архетипы, символы, мифологемы в казахской литературе и культуре, ритуалы и инициации, – имеющие некий базисный материал для зарождения

национальной научной мифологической парадигмы.

В 2004 году произошел качественный скачок в развитии мифологической школы казахского литературоведения и языкознания, связанный с деятельностью общественного объединения «Рух-Мирас» и издаваемым им одноименным журналом.